

С. Шаймурдиев

ТАНДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ




Сафұан Шаймерденов


# ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Үш томдық

3

  
Шаймас  
Баспа Үйі

Алматы 2011



УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-4  
Ш 18

*Қазақстан Республикасының  
Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Шаймерденов С.**

Ш 18 Таңдамалы шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Таймас»  
баспа үйі, 2011.  
3-т. – 320 б.

44532


ISBN 978-601-264-048-9

Көрнекті жазушының бұл үшінші томының ауқымы аса кең. 40–45 жылға созылып келе жатқан әдеби де мәдени, әлеуметтік ғұмыр керуенінің қай тізбегінде болмасын автор үн қоспаған, ой толғамаған тақырып кемде-кем. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты жастарды қорғап сөйлеген сөзі де осында. Қазақ халқының тағдыры, көші-қон жөнінде де еліміздің егемендік алуына байланысты алғаш жан даусын қосқандардың бірі – осы Сафуан Шаймерденов.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-4

© Шаймерденов С., 2011  
© «Таймас» баспа үйі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік құқықтары  
«Таймас» баспа үйіне тиесілі



## БІРІНШІ БӨЛІМ

### ПІКІРЛЕР

#### СЫРЛАСУ\*

*Сұрақ: Жазушы болмысы дегенді қалай түсінесіз?*

**Жауап:** Көпке мәлім, жазбайтындардың ішінде жазушы болмайды. Табиғат саған қабілет-талант бергені рас болса, сен өзінді өнер жолына бағыштап, ат жалын тартып мінген соң – аз ба, көп пе, әйтеуір бірдемелерді жазып жүруің әбден кәміл. Осы ретте жазушы алдынан екі сауал, екі проблема келіп шығады: Нені жазу керек? Қалай жазу керек? Ұлылығың да, сорлылығың да осы екі сұраққа жауапты қалай бере алатыныңнан көрінбек. Қалай жазу керек – бұл шеберлік мәселесі. Ал нені жазу керек дегенге дүниетанымың, өмір сүрген ортаң, көзбен көріп, бастан кешкен өмірлік жолың, іс-тәжірибен жатады. Бір сөзбен айтқанда, мұны тақырып таңдай білу дейді. Ал екеуі қосылып талант дәрежесін анықтамақ. Егер сен халқыңның тағдырындағы көкейкесті мәселелерді көтере алып, соны оқырман көкейінен шығарар болсан, эне, талантыңның күш-қуаты сонда. Ал күйкі тірліктің болымсыз күйбеңімен айналысып, жазғаныңды оқырман көкейіне қондыра алмасаң бейшаралығың.

Жазушы және тақырып. Бұл екеуінің арақатынасы тіпті қызық. Кейде тақырып шіркінің жазушыны өзі іздейді. Кейде жазушының тақырыпты іздеп жүретіні де болады. Қызық деп отырғаным – өзі келген тақырыпты жазушының танымауы, қабылдамауы мүмкін. Кейде іздеп барған жазушыға тақырыптың көрінбей, еленбей қалуы да ғажап емес. Жазушының көрген-білгендерінің бәрін бірдей қағаз бетіне түсіре бере алмайтыны немесе Жазушылар одағынан арнайы творчестволық командировка алып, колхоз, совхоз, завод, фабрика аралап келіп, кейде ештеңе де жаза алмайтыны соның салдары.

---

\*Жазушының алпыс жылдық мерейлі тойына орай теледидар тілшісімен екеуара сырласу ретіндегі бұл диалог кезінде көгілдір экран арқылы берілген арнайы сұхбат-эңгіме болатын.

Бұл, әрине, тәртiпке түсiп қалыптасқан, қағидаға айналған шындық емес, жалпы шындық. Себебi өзi келген тақырыптан да, командировка арқылы iздеп барып табылған тақырыптан да туған ұлы шығармалар толып жатыр. Мәселен, соның алғашқысына М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, ал соңғысына А. Фадеевтің «Жас гвардиясын» жатқызуға болады.

Осы күнге дейiн жазғандарыма көз жүгiртсем, көп ретте тақырыптың өзi маған келiптi. Содан кейiн алдыма түк мақсат қоймай, бiлмекке құмарлық, көрмекке құмарлық жетегiнде ел аралап жүрiп кездестiрген тақырыптарым бар. Ал ананы жазайын, мынаны жазайын деп алдыма мақсат қойып, елге шығып жазған шығармам мүлде жоқ. Рас, Жазушылар одағының творчестволық командировкаларын пайдаланған кезiм болған. Бiрақ ол командировкалардың жемiсi көркем очерк, эссе-суреттемелерден әрi аспапты.

*С ұ р а қ: Әуелi «Болашаққа жол», кейiн «Инеш» аталып, өңделiп, қайта жарық көрген тұңғыш романыңыз туралы кезiнде көп айтыс-таластар туды. Кереғар пікірлер айтылды. Соның себебi неде?*

**Ж а у а п:** Менiң бiлуiмше, ол пікірді осы күні де бiр iзге түстi, қалыптаса қойды деу қиын. Көкке көтере мақтайтындар да, «анау едi, мынау едi» деп мұрынын шүйiретiндер де қазiрде де кездеседi. Сұрағына жауап берместен бұрын аз-кем болса да романның туу тарихына тоқталуды жөн көрiп отырмын. Жасырмай айтайын: «Инеш» романының дүниеге келуiне менiң дүниетанымымдағы иненiң жасуындай десең де кертартпа ұғымның барлығы себеп болды. Соғыстан кейiнгi қазақ жастарының өмiрi мен мiнез-құлық, жан дүниесiнде туып келе жатқан өзгерiстерге бiр есепте көрсетiлген қарсылық романға лейтмотив болғандай. Ол өзгерiс-жаңалық аласапыран кезде ауылда дүниеге келiп, жоқ-жiтiк, аштық құрсауында етекбасты болып өскен, жастық шағының қызуы мен арманды, алабұртқан көңiлiн соғысқа жалматтырып, түктi кермей, түктi естiмей, дүниеге бой алдырып өскен мына бiздерге әлгi өзгерiс-жаңалықтар, әсiресе қала тәрбиесiндегi қыз балалар бойынан бадырайып тұратындай едi. Сондай мiнез-құлықтар мен жүрiс-тұрыстарды, киiм киiс пен боянып-тарануларды ерсi көретiнбiз. Ол кезде Инеш секiлдi қыздар некен-саяқ ғана болса, қазiр мындап саналады. Және де жаңағы мындап саналатын бүгiнгi жаңашыл қазақ қыздарының қасында елуiншi жылдардың Инештерi жiп есе алмай қалды. Бiрақ бұл жерде анықтай кететiн бiр гәп – сыртқы сұлулық, iшкi сұлулық дегендердiң үйлесiмi. Айталық, iшкi жан дүниесi бай, бiлiмдi, адал қыздар әдеми киiнiп, боянып жүрсе – оның несi ерсi? Әрине, түк ерсiлiгi жоқ. Ерсiлiгi жоқ емес-ау, қайта жарасымды. Бұл менiң бүгiнгi ұғымым. Ал елуiншi жылдардағы менiң, мен секiлдi жолдан өтiп келген, өмiрбаяны маған ұқсас жас азаматтардың

ұғымы басқаша еді ғой. Дәрекілеу болса да айтуға тура келеді, «битке өкпелеп, тоңынды отқа салма» деген дана мақалды ол кезде ескерген ешқайсымыз болмаған-ды. Іші тұнып тұрған алтын болса да, сыртына қарап бағалай салатынбыз. Мансұқ ете салатынбыз. Бір қызығы, осы күні үніле қарасам, жеке басымның көзқарасы әлгіндей болғанымен, іштей наразы болып отырсам да, Инешті өзім жек көрмеймін. Сол себепті Инеш образы сәтімен бедерлі шыққан. Оның қасында ізгіліктің үлгісі ретінде алған жағымды образым – Мәулен әлдеқайда солғын, тар шеңберде қалып қойыпты. «Инеш» романының жарық көргеніне отыз жылдан асты. Осы жылдардың ішінде бұл кітап қазақшасы, орысшасы бар, алты рет басылды. Тиражы үш жүз мыңнан асты. Бұл табыстың сыры, жаңағы айтқанымдай, авторлық көзқарас пен Инеш мінез-құлқының қабыспай жатқанында ма деп шамалаймын.

Ал, енді негізгі сұраққа жауап берейін: шынында да, «Инеш» романы неліктен кереғар пікірлер туғызып келді? Оның сыры мынада болса керек-ті: орыс оқырмандарында «жас кезімізде Лермонтовты жақсы көруші едік, есейе келе Пушкинді көбірек ұнататын болдық» деген көпке белгілі пікір бар. Бұл нені танытады? Бұл – әр жастағы оқырманның өзіне жақын жазушысы, шығармалары болады дегенді танытады. Бұл – орыс әдебиеті үшін басы ашық дүние. Ал қазақ әдебиеті үшін осы шындықты сыншылар да, оқырмандар да ескере бермейтін секілді. «Инеш» романы туралы әлі күнге қалыптаспаған айттыс-таластар мен кереғар пікірлердің бір суыртпағы осында жатқан секілді. Осы романим жөнінде оқырман қауымнан ұзын-ырғасы мыңнан астам хат алдым. Сол хат жолдаушылардың жас шамасына қарасам, олар орта мектептің алтыншы-жетінші кластарынан бастап, жоғарғы оқу орындарының екінші-үшінші курстарының оқушы-студенттері екен. Бұл кітаптан олар алған әсердің айтары жоқ. Ал одан арғы жастағылар «Инеш» романына, шынымды айтсам, салқындай бастайды. Бұдан туатын қорытынды – «Инеш» романының өз оқушысы бар. Екінші себеп – Инештің өз басының қосқыртыс, күрделі образ болып шыққандығында. Жағымды болса – аппақ, жағымсыз болса – қап-қара кейіпкерлерге үйреніп қалған жұрт бұл бейнені қай категорияға жатқызарын білмей дал болады. Инеш біреулерге сұлулық пен нәзіктіктің, алғырлық пен тазалықтың үлгісі іспетті көрінсе, енді біреулерге ұшпа мінез жеңілтек, әке дәулетінің арқасында ештеңені көрмей өскен, кекірт мінездің кердең бейнесі ретінде танылады. Ал автор болса, таласушыларға төрелік жасағысы келмейді. Өзімнің анық білетінім: менің бұл туыным қазақ прозасындағы студенттер жайлы, қазақ интеллигенциясы жайлы жазылған тұңғыш роман. Ал Инеш болса, қазақ әдебиетінде бұрын кездеспеген тың образ.

С ұ р а қ: 1974 жылы ВЦСПС пен СССР Жазушылар одағының

*жүлдесіне ие болған «Жыл құсы» повесіңіз қалай туды? Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жұмысшы бейнесі қай деңгейде деп ойлайсыз?*

Ж а у а п: Мен жоғарыда тақырыптың жазушымен кездесуінің үш жолы болатындығын айттым. «Инеш» романының тақырыбы маған өзі келген болса, мына «Жыл құсы» повесінің тақырыбымен мен ойда жоқта кездестім. Бұл шығарманың басты қаһарманы Битабар Елбаев өмірде болған адам. Ол 1885 жылы қазіргі Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келіп, сол жерде – Иманақ тауының бауырында 1964 жылы жетпіс тоғыз жасында қайтыс болған. Зираты Сәкен Сейфуллин атындағы совхоздың Бірлік атты бөлімшесінің жерінде. Ол шынында да түйе көтерген, құдыққа түсіп кеткен сиырды суырып алған ерен адам. Мен онымен 1950 жылы наурыз айының алтысы күні «Лениншіл жас» газетінің тапсырмасы бойынша ел аралап жүріп, Иманақ тауының бауырындағы шарқы шағын Бірлік атты колхозда кездестім. Биекең сөзге сараң, біртоға кісі болса керек, көпке дейін сұрақтарыма «бар-жоқ» деген секілді тоқ етерін ғана айтып, үнсіз қалып отырды. Кейін ақсақал көңілінің кілті табыла қалған кезде қағаз-қарындаш алсам, қытығына тиіп қисайтып алып жүрмес пе екем деп қорыққандығын соншалық, әңгімесін тек отырып тындадым. Мұның барлығы повесть соңындағы «Кілт» деп аталатын тарауда сол күйінде айна-қатесіз баяндалған. Шындап келгенде, менің жазғаным Битабардың өз айтқандары. Сөйтсе де бұл туынды Битабардың өмірбаянына арналған документальды повесть емес, көркем шығарма. Ал көркем шығармаға, қалай болған күннің өзінде де, еркіндік керек екені өзінен-өзі түсінікті ғой деп ойлаймын. «Жыл құсы» араға он тоғыз жыл салып, 1969 жылы жарық көрді. Жаңағы өзің айтқандай, ВЦСПС пен СССР Жазушылар одағының жұмысшы тақырыбына арналған шығармалар конкурсында жүлделі орынға ие болды. Сөйтсе де, шынымды айтсам, «Жыл құсы» – жұмысшы туралы жазылған шығарма емес. Менің бұл туындым дүниенің астан-кестені шығып, заман толқындарының жалында өтіп жатқан әлеуметтік, саяси өмірдегі ұлы өзгерістер мен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас, қайшылықтарға, сөніп жатқан, өніп жатқан жаңа тіршілік-тағдырлардың қақтығысына арналған шығарма. Бұл ерекшелікті бір сыншылар түсінді. Енді бір сыншылар түсінбеді. Түсінген сыншылар Битабар образын қазақ әдебиетінде бұрын-сонды болмаған, ұлттық характерді дәл де шынайылығымен танытатын тартымды да ерекше жасалған образ деді. Ал түсінбеген, жә түсінгісі келмеген сыншылар бұл повесть ескі феодализм дәуірін көксейтін, Қазақстандағы алып өндірістерді жоққа шығаратын шығарма деді. Әрине, Совет заманында дүниеге келіп, феодализм дегенді естігенім болмаса, көрмеген мына мен – қалай десең де, тісім шыққан адаммын ғой, жөнімен



мақталсам – асып та кетпеспін. Жөнсіз де жосықсыз сынға іліксем – жасып та қалмаспын. Бірақ сонау отызыншы жылдардың аяқ кезінде, жә болмаса елуінші жылдардың бас кезінде әдебиет майданында кейбіреулердің машықты құралына айналған дөкір қарудың жетпісінші жылдардың екінші жартысында, айдың-күннің амаында маған сілтенуі сондай өкінішті-ақ. Осы орайда ұлы Конфуцидің мына бір дана сөзі еске түседі: «Трудно найти черную кошку в темной комнате, особенно тогда, когда ее там нет», – дейді философ. Қара болсын, ақ болсын, жоқ мысықты іздеу – ешкімге абырой әпермеген, әперуге тиісті де емес деп білемін.

С ұ р а қ : *«Маргау» повесін жазарда осындай тақырыпты көтерген жазушылардың әсері болды ма?*

Ж а у а п : Бұл повесімнің қазақша толық аты «Ит ашуы» («Жұлдыз» журналында «Ашу» деген атпен жарияланды). Рас, хайуанат жөнінде жазылған шығармалар тым көп: Джек Лондон – «Ақ азу», Лев Толстой – «Холстомер», Мұхтар Әуезов – «Көксерек», Сәкен Сейфуллин – «Қызыл ат», Гавриил Трепольский – «Қара құлақ, ақ Бим» және тағы-тағылар... Шынымды айтсам, бұл шығармалардың бірде-бірі «Ит ашуын» жазуға мұрындық бола алған жоқ. Бір қызығы, «басқа жазушылар жазған екен, мен неге жазбаймын» дейтін әлсіздік менде жоқтың қасы. Қайталап айтуыма болады – осы күнге дейін жазып келгендерімнің бәрі де не өзі мені іздеп тапқан, немесе ел аралап жүріп, ойда жоқта өзім кездестірген тақырыптар.

Ертерек жылдардың бірінде Индира Гандидің мақаласын оқып отырып мен мынадай бір пікірге тап болдым: «Один из наших великих поэтов, размышляя над парадоксами жизни, сказал, что сложнее всего то, что просто – человеку нередко труднее всего быть человеком», – депті Индира Ганди. Шынында да, ойланатын пікір. Өйткені, мәселен, әу баста сиыр болып жаралған мал сиыр болмаймын деп қанша мәңіресе де, өзгере алмайды ғой. Жылқы мен есек те, қой-ешкі, шошқа да, жер бетіндегі тіршілік иесінің бәрі де осылай. Ал әу баста адам болып жаралған адам – адам боламын деп тырмысқан күннің өзінде де адамдық биіктен шыға бермейді екен. Себеп?.. Осы бір себепті іздеп қатты толғанып жүргенімде жолым түсіп Алматы облысының Кеген ауданына бардым. Кездескен адамдардың бірі ит туралы маған мынадай бір қызық оқиғаны айтып бергені: күзде қой отарлары таудан қыстауға қарай көшкенде бір шопанның иті жоғалып кетіпті. Әрі іздеп, бері іздеп, шақыра-шақыра таппаған соң, қасқыр жедіге жорыпты да, ол байғұс көшіп кете берген. Қыс өтеді. Келер көктемде әлгі шопан бұрынғы үйреншікті ізімен таудағы жайлауға келе жатса, былтырғы қой жусатып, демалған бір жерінен иті шыға келіпті. Өкпелегені сондайлық, шақырса келмейді. Жакындаса, үреді де шегіне береді.

Бұған не болған деп бақса, шопан иті көшкен жұртта ұмыт қалған ескі тонды күзетіп қысты өткізіпті...

Жазылар повестің кілті осы оқиғадан кейін табылды. Адам арасындағы күрделі де қиын, қат-қабат қатынастар, адалдық пен арамдық, зұлымдық пен зорлық, өтірік көлгірсу – міне, мұның бәрі де ит көзімен, ит түйсігі арқылы беріледі. Шындап келгенде, бұл әдеби әдіс ғана. Әйтпесе, ит де, құс де, бәрібір, көркем әдебиеттің зерттейтіні, түбегейлеп келгенде, адам өмірі, адам психологиясы екені айтпаса да түсінікті емес пе.

**С ұ р а қ :** *«Мәжнүн талдағы» кейіпкерлеріңіздің прототиптері туралы айтып бермес пе екенсіз?*

**Ж а у а п :** «Мәжнүн тал» – өнер адамының творчестволық жолында кездесер қиындықтар жайында жазылған хикая. Халық алдындағы жауапкершілік дегеннің не екенін сезінбесе, өнердің талантты деген өкіліне де қатер көп: арзанға түсер атақ-даңқ; бүгін бар да, ертең жоқ, сабын көпіршігі секілді, жалған бедел; оңай жолмен: ойы жоқ, көркемдігі жоқ плакаттар жазу арқылы келген ақша... – Міне, мұның бәрі де өнердің талантты деген өкілдерін құрдымға жіберер, ал өнердің өзін жоққа шығарар эззіл жол. Повестің бас геройы суретші Бағлан шын мағынасындағы талант иесі. Бірақ осы бір эззіл жолға қалай түскенін байқамай қалған. Осы қиындықтар ойда жоқта кездескен зерделі қызға ынтықтық, ғашықтық арқылы шешіледі. Бұл да әдебиеттік әдіс-прием. Осыны түсінгендер авторлық ойды ойламаған жерден дәп басса, түсінбегендер бұл шығарманы ғашықтар туралы хикая деумен жүр. Десе – десін. Автор айтарын айтып, жазарын жазды. Ал таласу, таласпау оқырман, сыншы қауымның шаруасы. Бұл повестің прототипі жолынан жаңылып жүрген талантты өнер иелері, оқыған, бірақ іздегенін таба алмай, дегеніне жете алмай жүрген барлық қазақ қыздары.

**С ұ р а қ :** *Қазақ прозасының қазіргі деңгейі қандай? Прозамыздағы келешегінен үміт күттіретін жаңа лек – жастардан кімді атап едіңіз?*

**Ж а у а п :** Қазақ прозасының елуінші-алпысыншы жылдардағы хал-күйі жөнінде мен баспасөз бетінде біршама пікір айтқан адаммын. Ол пікірлерімді бұл жерде қайталамай-ақ қояйын. Жеке бір шығармалардың жаманы да, жақсысы да жарық көріп жатқанымен, тұтастай алғанда Сейфуллині, Майлині, Әуезові, Мұқановы, Мүсірепові бар проза жаман болмаса керек. Менің ұғымымша, қазіргі қазақ прозасының одақтық көлемнен қарағанда орыны алдыңғы қатарда. Ал оның кейбір шығармалары дүниежүзілік әдебиеттің жақсы туындыларымен иіндесіп тұра алады. Әдебиетке жетпісінші жылдарда келген жастардың ішінде де мені қуантатын жазушылар аз емес. Мәселен, Марал Сқақбаев, Есенжол Домбаев, Дулат Исабеков, Жақсылық Түменбаев, Кәдірбек Сегізбаев т. т. Бастапқы үшеуі көлем

жағынан ірі де, уақ та шығармалар беріп жүргенімен, менің ойымша, әңгіме жанрының шеберлері. Және бір қуанарлығы – осы жігіттердің қайсысы болмасын әдебиеттің классикалық стилін ұстанады. Дулат Исабековтың «Ақырамаштан наурызға дейін» деген әңгімесін оқығанымда көз алдыма Николай Гогольдің өзі тіріліп келгендей болды. Дулаттың да айтып отырғаны «Как поспорился Иван Иванович с Иваном Никифоровичем» әңгімесіндегі адам болымсыздығы. Бірақ суреттеу шеберлігіне келетін болсақ, Исабеков әңгімесі классикалық үлгіден әсте кем дей алмайсың. Ал Есенжол Домбаевтың «Сор қабақ» атты әңгімесінің көлемі он-он бес беттен аспайды. Бірақ көтеріп тұрған жүгі кірпіш романдардан әлдеқайда артық. Осы шағын әңгімеде бүкіл бір халықтың мінез-құлқы, психологиясы, бір сөзбен айтқанда, бар болығы, өткені мен келешегі көркем сурет арқылы көз алдыңнан өтеді. Өнер күдіреті деген, міне, осы болса керек. Өкінерлігі сол – ең озық американ новеллашыларының дәстүрінде жазылған осы әңгіменің жарық көргеніне он шақты жыл болып қалса да, бір сыншының көңілін аударма алмай келеді. Жақсылықты тани білу ұлылықтың белгісі болса керек. Ал танымау, көре білмеу – ездiк.

*С ұ р а қ : Ұлылық туралы пікіріңізді кеңейте түссеңіз қайтеді?*

*Ж а у а п :* Менің ұғымымша, ұлылық – өзгенің өзінен артықшылығын тани білу, мойындай білу болса керек. Надандар данышпандарды қай заманда да танымаған. Танымағаны былай тұрсын, менсінбеген, өзінен төмен санаған. Данышпан Абай: «Адам бір боқ көтерген боқтың қабы, Өлсең жаман боларсың боқтан-дағы. Меніменен сен тең бе деп таласады, Білімсіздік белгісі ол баяғы», – деп бекер айтпаған ғой. Және де даналық сөзін көр соқыр надандардың көзін шұқып айтып отыр ғой. Мәдениеті озық елдер езіндегі жылт етердің бәрін бағалап, көтере білген. Орыстар да солай. «Могучая кучка» деген ұғымның шығуы соның айғағы. Могучая кучка демекші, Ф. Мүсірепов осы ұғымды қазақ топырағына дарытып, қазақ совет әдебиетінің өзінің алдындағы өкілдері – Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлинді, Ілияс Жансүгіров пен Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты «алыптар тобы» деп атады. Өзі де сол аталған классиктермен деңгейлес жүрсе де, оларды өзінен жоғары қойды, артық бағалады. Ғабеннің бұл ісі кейінгілерге үлгі болса керек-ті.

*С ұ р а қ : Қазіргі әдебиет сыны туралы не айтар едіңіз?*

*Ж а у а п :* Біреулер сынды бар дейді. Біреулер жоқ дейді. Тіпті аты дардай бір сыншымыздың «қазақ әдеби сынында Белинскийдің жоқ болатын себебі – Пушкиннің жоқтығынан», – деп көкігені бар. Бұл кісі күлерлік сөз ғой. Сонда не, Мұхтар Әуезов тақияңа тар келіп тұр ма? Жаңағы алыптар тобына жататын ірі тұлғаларды сөз етпеген күннің өзінде, ақын Мұқағали Мақатаев пен жазушы Тахауи

Ахтановты қайда қоямыз. Менің ұғымымда қазіргі сынымызға ойшылдық жетіспейді. Ойшылдық жетіспеген соң аналитикалық талдау шеберлігіміз көбінесе жалаң социология, тұрпайы марксизм ырқынан шыға алмай қалады. Жоғарыда «Жыл құсы» повесіме байланыстыра айтқанымдай, жоқ мысықты іздеп, жалаулатып жүретініміз де содан. Бұл – бір. Ендігі бір жетіспейтін нәрсе – халық алдындағы жауапкершілік сезімі. Бір кезде әдеби сынымызда жіберген ағаттықтар мен жолсыздықтарды, керек десеңіз заңсыздықтарды бүгін ешкімге айтпай жауып тастасақ, бәрі де ұмыт болады деп ойлаймыз. Қандай күйкі ұғым десеңізші. Әдебиетіміздің үлкен өкілдері халық алдындағы жауапкершілік дегеннің не екенін терең түсіне білген. Кейін тарихта екі ұшты ұғым тұмауы үшін кезінде жіберген қателігі болса баршаға паш етіп мойындап отырған. Соның бір айғағы – кәдімгі Сәбит Мұқанов. Сәбең 1924 жылы Абайды мансұқтап, «Қара тақтаға жазылмандар, шешендер» деген мақала жазған болатын. Кейін Абай жөніндегі осы мақаласындағы пікірінің қате екенін түсініп, тағы да барша жұртқа паш етіп: «Онда айтқан пікірлерім марксизм қағидаларын дұрыс түсінбегендіктен кеткен мүлде теріс пікірлер, Абай шын мағынасындағы халық ақыны», – деп Абайдың рухынан кешірім сұраумен өтті. Міне, ұлылық деп осыны айт. Біздің көркем әдебиет сынының тарихында кеткен қателік жалғыз осы ғана ма екен? Жоқ, осы ғана емес. Бірақ жіберген қателіктерін мойындаған сыншыны мен әлі көрген де, естіген де емеспін. Түйеқұс басын құмға тықса, жасырындым деп ойлайды екен. Түйедей болып теңкиіп жатқан басқа денесінде шаруасы жоқ. Біздің кейбір аға қаламдастарымыз сол түйеқұсқа ұқсап кетіп жүрген жоқ па екен?

*С ұ р а қ : Қазақ драматургиясы бар ма? Бар болса, Одақтық аренаға шыға алмай жүрген себебі неде?*

*Ж а у а п :* Қазақ драматургиясы бар. Ал пьесаларымыз одақтық сахнадан көрінбей жүрсе, жоқтығынан емес, өзіміздің қырсығымыздан. Айталық, Тахауи Ахтановтың осыдан он шақты жыл бұрын жазылған «Әке мен бала» пьесасы – Европа театрларының қайсысының болса да сахнасын көркейте алатын шығарма. Ал осы пьесаның күні бүгінге дейін орысша жөні бүтін аудармасы жоқ. Одақтық аренаға шыға алмай жүргеніміздің тағы бір себебі – біздің драматургияда сөз қуалап кетушілік салқыны сезіледі. Бұл ерекшелік өз сахнада ұлттық психикаға оң түсіп жатқанымен, орысшаға аударғанда көркемдік қасиетінен айрылып, жұтаңсып, солғын тартып қалады.

*С ұ р а қ : Драматургияға кеш келсеңіз де, Сіздің де облыстық, республикалық театрларда жүрген, жүріп жатқан бес-алты пьесаңыз бар ғой. Солар жөнінде айтсаңыз.*

*Ж а у а п :* Біраз пьесаларымның бары рас. Бірақ шынымды айтар

болсам, мен өзімді драматургияда прозадағыдай мықты сезінбеймін. Драматургияның прозамен төркіні бір деп жатады. Менің ұғымымша, бұл жанрлардың бір-бірінен жөні де, тегі де бөлек. Сол ерекшелікті аңғармаған жазушы драманың кілті дегеннің не екенін біле бермейді. Керек десеніз, ондай кілт болады деп олардың ойламауы да мүмкін. Сол себепті көбіміз жазған пьесалар көркем шығармадан гөрі базарда кездескен адамдардың өзара сауда-саттық сөздеріне көбірек ұқсап кететін секілді.

*С ұ р а қ : Сіз бұл пікіріңізбен әлгінде драматургия жөнінде айтқандарыңызды теріске шығарып, қазақ драматургиясы жоқ деушілерді қойтап кетіп отырған жоқсыз ба?*

*Ж а у а п : Жоқ. Мен бұл жерде пьеса жазғысы келетін, бірақ жаза алмай жүргендер жөнінде ғана айтып отырмын. Әңгіме әр түрлі айлашарғылармен пьесаларын сахнаға шығартып, бірақ табысқа жете алмай жүргендер жөнінде. Шіркін-ай, пьесаларын қойдыруға жұмсаған амал-айлаларын пьеса жазу өнеріне жұмсаса, керемет туындылардың куәгері болар ма едік, әлде қайтер едік?!*

*С ұ р а қ : Сіз өзіңзді драматургтер сапына қоспасаңыз да, «Дөкей келе жатыр» атты комедияңыз, міне, он жылдан бері Жасөспірімдер театрының сахнасынан түспей келеді. Ең болмаса, осы пьесаңыздың туу тарихы жөнінде бір-екі ауыз сөз айтсаңыз?*

*Ж а у а п : Шығарманың өміршендігі өмір шындығының дәлдігіне байланысты. Бұл комедиядағы Көпейдің прототипі – өзімнің туған ауданымдағы бір кезде ауылдық советтің председателі болған Кенжеғұл Бөкішев деген кісі. Кенжекең ешкімге зияны жоқ, біреуге болмасын демейтін, кең пейіл адам. Бір әлсіздігі – мақтаныңқырап сөйлеуді ұнататын. «Өй, тәйірі, со да сөз бе, ауданға барып, басшыларға кіреміз де мынау дұрыс, ал мынауың дұрыс емес деп айтамыз» деп есіңкіреп отыратынын өзім де талай көргенмін. Оның бұл айтқандарын жұрт болса күле жүріп тындайтын. Себебі ананы-мынаны тындырғыш батырың өлердей қорқақ, нағыз қоян жүректің өзі еді. Оның осы әлсіздігін білетін аупартком секретары бір жолы ел аралап жүріп дағдылы колхоз кеңсесіне емес, ауылдық советтің кеңсесіне келіп ат басын тіреген ғой. Кенжеғұл байғұста ес жоқ. Аупартком секретарының сұрақтарына жөндеп жауап та бере алмайды. Сонда секретарь: «Бөкішев жолдас, сен өзін колхоз шаруашылығына қолқабыс тигізбейді екенсің, істің мән-жайынан мүлде бейхабарсың, жүр, дала қостарын аралаймыз», – деп машинасына отырғызыпты да алып кетіпті. Жол-жөнекей, әйтеуір, бір ретін тауып Кенжекең үйіне хабар айтқан. «Хатшының беті жаман, осыдан аман оралсам, алдын алайық, жылы-жұмсағынды асып, арағыңды әзірлеп қой» ғой сондағы әйеліне жолдаған сәлемі. Күздің қара суығында бұлар көп*

жерді аралап, ақыры арып-ашып, жаурап үйге оралса, үй іші жып-жылы, дәмді еттің исі бұрқырап тұр. Бұлар көңілденіп тамаққа отырады. Кенжекең сыйлы қонағына бір-екі рюмка арақ берейін деп биік темір керуеттің желбегейін көтеріп қалса, ар жағында бір шыны, екі шыны да емес, самсап бір жәшік арақ тұр. Батырдың тағы да зәре-құты қашады. Арақ бермейін десе, даладан тоңып келгендерге сондай обал. Берейін десе, секретарь керует астындағы бір жәшік арақты көріп, «Ә, Бөкішев жолдас, колхозға неге көмектеспейтіңді енді білдім, үйіңе жәшіктеп әкеп, күні-түні арақ ішуден қолың тимейді екен ғой», – десе, не бетін айтады. Осылай қиналып отырғанда тамақ та желініп бітеді. Ішіне ел қонып, жылынып жайланған секретарь: «Жолдас Бөкішев, тамақ сондай дәмді екен, әттең, бір жүз грамы жетпеді», – депті. Сонда қиналғанынан өле жаздап отырған Кенжеғұл өзінің шалағай орысшасымен тіпті бір дөрекі сөзді айтып жіберіп, – *Пить ты не знал, не пить ты не знал, товарищ секретарь, – деп санын бір-ақ сокқан ғой.*

Мұндай оқиға жата ма, ел ішіне бірден тарап кетті. Ұзақ жылдар бойына нешік түрлі қитұрқы әңгімелердің дәнекері болған еді. «Дөкей келе жатыр» комедиясының арқауы осы оқиға. Ия, бар болғаны арқауы ғана. Өйткені автордың бар айтпағы бір су жүректің қалай қорыққаны жөніндегі анекдот қана болса, онда шығарма жазудың да қажеті болмас. Автор идеясы әріде. Ол идея жетпісінші жылдардың орта шенінде осы комедия көптеген облыстық театрларда және республикалық жас-өспірімдер театрында қойыла бастаған кезде мерзімдік баспасөз бетінде кеңінен талданған да әділ бағасын алған. Сол себепті бұл пьесам жөнінде бұдан артық басқа бірдемелерді айтуды жөн көрмеймін.

Бір қызығы, мен проза жанрында әбден қалыптасып болған соң ғана драматургия жанрына үзеңгі салдым. Осы ретте прозаның драмалық шығармаларына қандай әсері болды, ол жағын дәп басып айта алмаймын. Ал драматургиядағы ізденулерімнің ізі кейінгі жазған прозалық шығармаларымда сайрап жатыр десем де болғандай. Драматургия мені жинақылыққа, сараң сөзділікке, көрініс айқындығына, тартыстың нанымды дәлелдерін іздеп табуға, өткінші эпизодтарды бет алды жоғалтып жібермеуге үйретті. Бір ғана мысал: «Ит ашуының» бас кезінде қырғыз Сәршеннің қаншығымен Марғаудың ылығысып қалатын жері бар. Мен басында мұны жәй күлкі үшін, Айғанның еркектер туралы айтар әзіл-пікіріне тиек болсын деп ғана алған едім. Осы тұста ойыма драматургияның «сахнаға мылтық ілінсе – атылуға тиіс, шеге қағылса – ең болмаса біреу асылып қалуға тиіс» деген қағидасы түсті. Кейінгі бір эпизодта Сәршеннің Қырғыны Марғаудың баласы болып орынымен суреттелуі, соның арқасында бұл көріністің ойнап кетуі драматургияның әсері.

*С ұ р а қ : Сіз елуінші жылдардың аяқ кезінде, алтысыншы жылдар-*

дың бас кезінде көркем аудармамен де айналыстыңыз. Айталық, үндінің ұлы жазушысы Рабиндранат Тагордың «Күйреу», «Гәуірмаған» романдарын, «Алтын сағым» деген атпен әңгімелер жинағын аударып бастырдыңыз. Тиіп-қашып Лев Толстойға да барғаныңызды білеміз. Осы өнерде қандай принцип ұстандыңыз? Ал егер көркем аудармада айта қаларлық принцип ұстанған болсаңыз, онда бұл өнерден кейінгі кезде неліктен қол үзіп кеттіңіз?

**Ж а у а п :** Байқаймын, сұрағыңның қитұрқысы бар секілді. Амал не, жауап беруге тырысайын. Творчестволық қай өмірбаянға үнілме, айнамай алдыңнан шығар бір фактіге жолығысатын секілдісің. Ол факті көптеген жазушылардың жазушы болып қалыптаса бастаған кезінде көркем аудармамен шұғылданатыны. Айталық, жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы Әуезовтің, Мүсіреповтің творчествосына зер салып көріңіз. Не болмаса, елуінші жылдардағы Әлімқұловтың, Ахтановтың, Нұрпейісовтің қалыптасу жолын қадағалаңыз. Бәрі де көркем аудармамен айналысқан да, жүре қойып кеткен. Менің ұғымымша, көркем аударма жазушының қалыптасу, қанат қатайту жолындағы үзенгі қағыс, дәлірек айтсам, трамплин сияқты. Осы дәстүрден мен де аттап кетпесем керек. Бірақ басқаларды қайдам, көркем аудармада менің өзімдік принцимім бары рас. Орыс тілін екінің бірі білген қазіргі заманда талғап, таңдамай кез келген классиктің қолға іліккен шығармасын қазақшаға аударып бастыра берудің қисыны жоқ секілді. Кез келген қазақ оқырманы кез келген классикті орыс тілінде де оқып, ләззат ала алады. Сонда қазақ тіліне кімді аударуға тиіспіз? Біріншіден, қазақ тақырыбына жазылған шығармалар, екіншіден, қалың қазақ оқырманына рухы, тақырыбы мен табиғаты жақын шығармалар аударылғаны дұрыс. Классиктердің ішінен менің Тагорды таңдаған себебім – осы жазушы шығармаларының қазақ халқына рухы мен табиғаты да, тақырыбы да үйлесіп жатады. Ол суреттеп отырған оқиғалар мен өмір көріністерін құтты бұрынғы бір заманда қазақ даласында, қазақтар арасында өткендей сезінесің. Адамдардың мінез-кұлық, психологиясы да түп-тура қазақтардың мінез-кұлық, психологиясындай. Бір сөзбен айтқанда, Тагор шығармаларын оқығанда қазақ туралы сен айтпағанды ол айтып, сен жаза алмағанды ол жазып тастағандай әсер аласың. Менің көркем аудармамдағы бар сырым осы.

**С ұ р а қ :** Әдебиеттегі ұстазым деп кімді айтар едіңіз?

**Ж а у а п :** Менің қазақ әдебиетіндегі ұстаздарым – Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов. Бейімбеттің реализмі, Мұхтардың қазақ сахарасындай кең құлашы мен тереңдігі, Сәбиттің халықтығы, Ғабиттің астарлап сөйлейтіндігі, юморы ұнайды. Ал Сәкеннің нақтылығына басымды ісем де болады. Энгельстің Бальзак жөнінде айтқан көпке мәлім пікірін

қазақ топырағына ыңғайлап, Сәкенге арнасақ – әбден орынды. Өйткені «Тар жол, тайғақ кешуді» оқығанда алар ләззатың мен мағлұматың соншалық, сол отты жылдар туралы жазылған барлық тарихтық-ғылыми шығармалардан бұл кітаптың құны әлдеқайда артық дегің келіп тұрады. Бірақ, бір қызығы, өзіме ұстаз тұтқан осы жазушылардың біріне де мен еліктеген емеспін. Творчестволық жолымның бастауында маған қатты әсер қалдырып, еліктіріп әкеткен бір жазушы болған. Ол – Юрий Трифонов. Мен «Инеш» романын аяқтап қалған кезде осы жазушының «Студенттер» деген повесі жарық көрді. Лиризмге тұнып тұрған, шуақты көктем күнінің бояуындай жұмсақ та тартымды туындыны оқығаннан кейін кейбір концепциямды өзгертуге, кейбір кейіпкерлерімді қайта мүсіндеуге мәжбүр болдым. Бір сөзбен айтқанда, Юрий Трифонов маған шығарманы қалай жаман жазбау керек екенін үйретті.

**С ұ р а қ :** *Жаңағы сұраққа жалғастырып тағзы бір сауал қойғым келіп отыр...*

**Ж а у а п :** Қоя беріңіз.

**С ұ р а қ :** *Бүгінгі жазушы қандай болуы керек? Өзіңізді сондай жазушымын деп ойлайсыз ба?*

**Ж а у а п :** Мұныңыз менің жазушы туралы ұғымымның жоғары екенін біліп алып қойылып отырған сұрақ секілді екен... Ұғымымның биік екені рас. Бүгінгісі болсын, бұрынғысы болсын, *мен жазушыны өз халқының рухани көсемі деп танымын*. Ел басына күн туған қиынқыстау заманда жазушының саяси көсем де болып кеткен кездері бар. Ал осындай анықтама бере отырып, өзім туралы бірдеме деуім, бері салғанда, парықсыздық.

**С ұ р а қ :** Әр жазушының шығармалары өзіне ұқсайды деген ұғым бар. Олай болса, қазіргі кезде «Раушан коммунист», «Тар жол, тайғақ кешу», «Абай жолы», «Ботагөз», «Оянған өлке» сияқты шығармалардың тұмау себебі бүгінгі жазушыларымыздың ішкі жан дүниесінің жұтаңдығынан емес пе екен?

**Ж а у а п :** Рас, жазушының қай шығармасы болмасын өз өзегін өртеп, ащы толғақпен келетін өз миының жемісі. Өз нәрестесі. «Мадам Бобари кім?» – деп сұрағандарға, «Мадам Бобари ма, мадам Бобари – бұл менің өзім», – деп Флобер бекер айтпаған ғой. Бірақ бұдан Флоберді әйел болып кетті деп түсінуге тіпті де болмайды. Өз дамуының логикалық жолына бағынған шығарма кейіпкерлерінің кейде автордың ырқынан шығып, оның дегеніне көнбей кететін кезі бар. «Қандай өкінішті, Татьяна күйеуге шығады деп ойламаған едім!» – деп Пушкин бекерге налымаса керек. Олай болса, жазушы шығармалары өзіне ғана ұқсайды деп кесіп-пішіп айтуға болмайды. Ұқсайтыны да болады, ұқсамайтыны да болады. Мысалы, Жан Жак Руссо өмірде әпенділеу кісі екен. Бірақ оның «Юлия немесе Жаңа



Элоиза» деген ұлы туындысынан әпенділіктің нышаны да білінбейді. Осы орайда қазақ жазушыларынан да мысал келтіруге болады. Айталық, Әбдіжәмил Нұрпейісов өмірде өзі қандай болса, шығармалары да дәп сондай. Ал Тахауи Ахтанов жөнінде олай дей алмайсың. Өнердегі Тахауи мен өмірдегі Тахауи бір-біріне мүлде ұқсамайды. Сондықтан да қазақ әдебиетінде, жаңағы өзің атаған шығармалар секілді, тұлғалы дүниелердің туу, тұмауын жазушының жан дүниесінің жұтаң, жұтаң еместігінен іздеу – қате. Ұлы шығармаларды ұлы талант қана туғыза алады. Ал ұлы таланттар, тарихтың бір бетбұрыстарында дүниеге келетін секілді. Бірақ бұдан отқа қарап қалдық деген ұғым тумаса керек. Құдайға шүкір, біздің қазіргі прозамызда ауыз толтырып, мақтанып айтарлық туындылардың барлығын талай жерде айтқанмын.

*С ұ р а қ : Өмір шындығы... әдеби шындық... Шындықты осылай бөлуде жасандылық жоқ емес пе екен?*

*Ж а у а п : Жасандылық бар дей алмаймын. Бұл жерде анықтайтын бір мәселе – әдеби шындықтың негізі өмір шындығында жататындығы. Өмір шындығы ештеңеге де тәуелді емес. Ал әдеби шындық өмір шындығына тікелей тәуелді. Өмір шындығына сүйенбеген, содан нәрленбеген әдеби шындықтың бәрі де жалған. Ал жалғандық ешқашан да шындық болып табылмаған ғой. Бұрын да бірер жерде айтқанымдай, Белинскийдің мына пікірін тағы да қайталасам ба деймін. Ұлы сыншы «Өнер роза гүлінің өзін алмайды, сол гүлдің аңқыған иісін алады да, өз гүлін жасайды», – дейді. Неге бұлай? Бұлай болатын себебі – өмір шындығын сол қалпында әдебиетке көшіру көп жағдайда қарабайырлыққа, нанымсыздыққа, керек десен, тіпті парықсыздыққа апарып соқтыруы мүмкін. Өз творчествомнан мынадай бір мысал келтірейін: менің «Жыл құсы» повесімнің басты қаһарманы Битабар – Балуан Шолақпен күрескен, ит жығыс түскен балуан. Бұл 1903 жылы Иманақ тауының бауырында өткен оқиға. Битабар онда он сегіз жаста, ал Балуан Шолақ болса, отыз жетіден отыз сегізге қараған шағы. Мен мұны Битабардың өз аузынан естідім. Бірақ жалған деп күдіктене алмаймын. Өйткені, біріншіден, мен білетін, менің түсінігімдегі Битабар – мақтануды білмейтін кісі. Екіншіден, Биекең әңгімесін сол кездесуде бірге болған, әлгі 1903 жылғы оқиғаның тірі куәгері – сексен жастағы Жұмаділда қарт растаған-ды. Міне, бұл өмір шындығы. Ал сонда мен қайтуым керек? Өмір шындығы осылай екен деп, Битабарды Балуан Шолақпен белдестіріп, ит жығыс түсіруім керек пе? Сонда мен не ұтам? Балуан Шолақтың өзімен белдесіп, тең түскен Битабардың оқырман алдында беделі өсер ме? Меніңше, өспейді. Қайта қазақ халқының ұғымында ұлылық пен сұлулықтың, әнші-серілік пен иен күштің иесі, өнерпаз да киелі бейнеге айналып кеткен Балуан Шолақтың жағасына «боқмұрын» ауыл баласының*

қол апаруы – парықсыздық, кісі танымастық болып шығады. Оның есесіне ақсақал сыйлаған қара жорғаны Балуан Шолақтың Битабарға беріп кетуі де өмірде болмаған оқиға. Мен, өз ұғымымша, осы жерде көп нәрсені ұттым ғой деп ойлаймын. Балуан Шолақтың киелі жағасына қол апарғызбай, Битабардың кісілігін таныттым (кітапта Балуан Шолақ Битабарға түйе көтергені үшін бата береді). Соған орай теке жәуміт арғымақты Битабарға сыйлаттырып, Балуан Шолақтың да ұлылығын паш еттім. Дән риза болған Битабар бұл жерде де сыпайылық білдіріп, жорға тізгінінің Шолақтың қолы тиген жерінен ғана сүйіп алып, алғысын айтады. Жаман итше арсаландап, балуанға асылып жатпайды. Міне, әдеби шындықтың осы секілді китұрқылары көп. Оны елемеген, өмір шындығының ырқынан шыға алмай қалған жазушы, сөз жоқ, қарабайырлыққа душар болмақ.

**С ұ р а қ :** *Бақыт дегенді сіз қалай түсінесіз?*

**Ж а у а п :** Алпысыншы жылдары газеттен оқыған бір хабар күні бүгін де есімнен кетпейді. Бразилияның ну орманының шалғай жатқан бір түкпірінде абао дейтін халық бар екен. Әлгі халықтың саны не бәрі он төрт-ақ адам. Өсудің орнына өшіп, осыншама азайып кетуіне олардың өздері кінәлі көрінеді. Абаода ақыл-парасат өнерімен, күш-қуатымен араларынан оза шыққан біреуі болса, қырық жілік қып сойып, жеп қоятын бір жаман дәстүр бар екен. Ұғымдарынша, жаңағы өнерлінің қасиет-қабілеті етін жегендерге дарымақ. Міне, бақытсыздықтың тамыры қайда жатыр! Ал осы жұрт қазір аз болса да жаңағы әдетінен күрт айнып, дарындыларының етін жемейтін болса, сөйтіп, қырық-елу жылдың ішінде өніп-өсіп көбейер болса, мен онда оларды бақыттылардың санатына қосқан болар едім. Бақыт – меніңше, келешегінің барлығы. Мұны тұтастай бір халыққа да, жеке бір адамға да арнап айтуға болады. Елуінші жылдардың аяқ кезінде Халықаралық Лениндік сыйлыққа ие болған атақты Индонезия жазушысы Такин Ходо Хмеингу: – Шығармаларыңыздың ішінен қайсысын жақсы дей аласыз, – деп сұраған тілшіге: – Менің керемет бір жақсы шығармам бар. Ол әлі жазыла қойған жоқ, – деп жауап берген-ді. Хмеингу жақсы шығармасын жаза алды ма, жоқ па, мен оны білмеймін. Бірақ сол кезде жетпістен асып кеткен қарт жазушының мына оптимизмі мені қайран қалдырады. Атқарған ісінді місе тұтпау алға ұмтылдырады. Ал мұндай жазушы «ештеңені тындыра алмадым-ау» деп өмірден өкініп кетсе де бақытты болмақ.

**С ұ р а қ :** *Сіз неліктен сирек жазасыз?*

**Ж а у а п :** Сирек жазу немесе жиі жазу әр жазушының табиғатына байланысты ма деймін. Гончаров атақты «Обломовты» жиырма жыл жазған ғой. «Романыңды осыншама ұзаққа неге создың?» деушілерге, – Адам нәрестені де тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, тоғыз

сағат толғатып дүниеге әкеледі. Ал мен болсам, Обломов секілді отыз жастағы сақалды жігітті бас-аяғы жиырма-ақ жылда дүниеге келтірсем, шүкіршілік демейсіндер ме! – деп жауап беріпті. Менің ойлануым, толғатуым ұзақ. Ал пісіп жеткен дүниелерді тіпті де тез жазамын. Айталық, он тоғыз жыл толғантқан Битабар хикаясын мен бір жарым айдың ішінде жазып тастадым. «Инеш» романының бірінші жартысы екі жыл жазылса, қалған жартысы екі жарым айда тәмәмдалды. (4.10 – 16.12.1951). «Мәжнүн тал» он төрт күнде (23.02 – 9. 03.1977.). «Қыр гүлі» атты пьесам үш күнде дүниеге келген. Ал отыз бес жыл ойдан шықпаған «Дөкей келе жатыр» комедиясының «Сарыағаш» санаторийінде ем-дом қабылдап жүргенімде бас-аяғы жиырма күнде соңғы нүктесі қойылған.

Жазушы әр түрлі. Мәселен, енді не жазарын білмей дал болып жүретін де ағайындарды білемін. Ал мені қалай жазам деген сұрақ кинамаса, нені жазам деген сұрақтың киналтқан, тығырыққа әкеп тіреген кезі болған емес. Шынымды айтсам, қазір басымда көп жылдан бері мазамды кетіріп жүрген, бірақ илеуі қанбаған жиырма шақты әңгіменің, он шақты повестің тақырыбы бар. Олардың қайсысы қай уақытта жарық дүниеге келеді? Оны келешек көрсетеді.

Ал не себепті мен осыншама ұзақ ойланамын? Көкірегіндегі ойларды қағазға түсіре беруге болмай ма? Мендегі өткелі жоқ өзен, жә болмаса, асуы жоқ тау секілді бір қиындық – көңілімде сайрап тұрған ой-пікірдің қағазға түсер кезде көбінесе әрі қарай өсіп, өрбімеуі, балапандамауы. Сондай кезде тіпті сәлем хат жазудың өзі оңайлыққа түспейді. Осы мінімді өзім жақсы білем де, шабыттың құсы басқа жақта шалықтап жүрген кезінде өзімді өзім зорламаймын. Жазу столына келіп отырамын, ештеңенің ыңғайы келмесе, тұрып жүре беремін. Өзімді-өзім күштеу деген менде жоқ мінез.

С ұ р а қ : *Сіз жылдың қай мезгілінде, тәуліктің қай шағында жазасыз?*

Ж а у а п : Жас кезімде түнде отырып жазушы едім. Өйткені түнде істеген жұмыс өнікті келеді. Қазір өйте алмаймын. Жыл мезгілінен әсіресе көктем айлары ұтымды. Әрине, мұны шамамен, кейбір шығармаларымның тууы көктемге орайласқан соң ғана айтып отырмын. Әйтпесе шабыттың құсы жыл құсы емес, шынтуайтқа келгенде, маусым талғамайды. Ал шабыт дегеннің өзі не сонда? Біреулер шабыт – бұл еңбек дейді. Жазу столына күнде шүкшиып отыру керек, күнде қадалып әлде бірдемелерді жазуың керек. Рас, мұндай да жазушылар бар. Шабыттың таянышы еңбек екенін мойындау жөн. Сөйтсе де шабыт еңбектің топырыш торысы емес екенін де есімізден шығармауға тиістіміз. Солтүстік Қазақстанның Тауағаш деген жерінде нақыштап домбыра тартып, бипаздап ән салатын қоңыр дауысты Темірғали

Хасенов деген сұлу кісі болды. Ол өзі он алты жасында атақты Үкілі Ыбырайдың қасына еріп, ел аралап, ән салған, Ыбекең айтқан әңгімелерді жадында ұстап қалған кәрі құлақ еді. Сол Темкең марқұм айтқан-ды: Үкілі Ыбырайға шығарар әні түсінде көк дөненге мінген үкілі сұлу қыз болып көрінеді екен. Сол қыз әнді тура қарап тұрып салса, ол әнді Ыбырай ертеңіне шығарады екен. Егер қырындап кетіп бара жатып шырқаса, ол ән бір жетіден кейін дүниеге келеді екен. Бұл Темірғали Хасеновтың Үкілі Ыбырайдың өз аузынан естіген әңгімесі. Көк дөненге мінген үкілі қыз шабыт құсы емей немене сонда?

Қалай еңбектенсең, олай еңбектен, шабыттың келер кезі болатынына мен ден қоямын. Шабыт келген кезде түсімде өлең жазған, әлдебір әңгімелердің оқиғасын құрып әуреленген кездерім толып жатыр. Мен жоғарыда «Жыл құсы» повесін он тоғыз жылдан кейін жазғанымды айттым. Әрине, осындай ұзақ жыл бойы Битабарымды сандыққа салып тастаған жоқпын. Қайта-қайта қолға алып, қайта-қайта жазып, көңілден шықпаған соң тастап кетіп жүргенмін. Сондай бір ретте, алпыс тоғызыншы жылдың көктемі болатын, түсімде: «Кеше кештетіп төгіле жауған қара жаңбыр жер бетін шайып кеткен екен» деген осы туындымның алғашқы сөйлемі тіліме оралды. Оянып кеттім де, ұмытып қалмай жазып қояйын деп жазу столына отырып едім, ар жағы, шынында да, әлгі қара жаңбыр секілді төгіліп кетті. Бір кезде көз салсам, айналам жап-жарық. Ұсақ әріптермен маржандай тізілтіп түсірген беттерді санасам, он шақты... Осыдан кейін жазу столынан бас ала алмағанымды айтпасам да түсінікті деп білемін.

**С ұ р а қ :** *Сұлулықты қалай ұғасыз?*

**Ж а у а п :** Менің түсінігімше, сұлулық деген ұғым әр қилы. Қазақ «Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу» дейді. Мән беріңіз: бұл мақалда сұлу болмаса да – сұлу деген түсінік тұр ғой. «Сұлуынан жылуы» дейді халық тағы да. Бұл – мазмұнға ден қою. Асылы, түр мен мазмұны қабысып, бірі-біріне әр беріп, көркейіп тұрса, шын сұлулық деп соны айт.

**С ұ р а қ :** *Сіз бағалайтын әйел бойындағы қасиеттер?*

**Ж а у а п :** Егер менің творчествома зер салсаңыз, қай шығармамда болмасын, әйел образдары бар: отызыншы жылдардың Бибігүлі, қырқыншы жылдардың Қарғашы, елуінші жылдардың Инеші, жетпісінші жылдардың Әспеті. Өз ойымша, өзім мүсіндеген осы образдарда соңғы қырық-елу жылдағы қазақ әйелдерінің мінез-құлық, сана, таным мен психология өзгерістері сатылап бейнеленген. Қазақ ұғымындағы үлгі тұтарлық әйел қасиеттері: биязылық, көнтерлілік, адалдық пен тазалық, сүйрендеп өсек айтпаушылық, мінез жұмсақтығы, т. т. Осы ұғымдардан, тегі, мен де алыстап кетпеймін ғой деймін.

**С ұ р а қ :** *Қазақ спорты туралы не айтар едіңіз?*

**Ж а у а п :** Қазақ әу бастан-ақ спортты жақсы көрген халық. Ат жа-

рыс, бәйге, қыз қуу, сайыс, көкпар, т. т. Шындап келгенде, аң аулау, қасқыр қуу, бүркіт, қаршыға салып, саятшылық құру – спорттың рахат-ләззаты мол түрі. Кезі келгенде осы секілді ойын-сайыстарды қызықтайтыным бар. Қазіргі спортта Серік Қонақбаевты, Жақсылық Үшкөмпіровты ұнатамын. Олар халқымыздың мерейін өсіріп, даңқын көтеріп жүрген жігіттер. Солардың қатарында менің балам Саянымның да жүргенін мақтан етемін. Жанкүйерлер білуі тиіс, бұл бала КСРО чемпионы атағын тоғыз рет жеңіп алды ғой. 1981 жылы халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген құрметті атаққа ие болды.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйсінерге жараса ол», –

деп данышпан Абай айтқандай, Саяным жүріс-тұрыс, мінез-құлық жағынан өзі қатарлы, өзінен кейінгі қазақ жастарына үлгі бола алатын, сүйсінерлік бала екенін айтсам, осындай бала тәрбиелеп өсірдік деп ата-анасы мақтан етсе, артық болмайтын шығар деп ойлаймын.

**С ұ р а қ :** *Осыған жалғас тағы бір сұрақ... Қазіргі қазақ жастары, қазақ студенттері туралы не айтар едіңіз?*

**Ж а у а п :** Қазіргі кезде «Жас кезімізде біз қандай едік, бүгінгі жастар ондай емес қой? Барға, дайынға ие» деген секілді ренішті пікірді жиі естуге болады. Өз басым мұндай пікірге қосыла алмаймын. Адам қай дәуірде өмір сүрсе, сол дәуірдің жемісі. Сол кезеңнің күйтін күйттейді. Жоғын жоқтайды. Дәстүрін қабылдап, машығына айналған іс-әрекеттерін қуалайды. Егер бүгінгі жас жиырмасыншы-отызыншы жылдардың жастарына ұқсар болса, мұның өзі үйлесімсіздік болып тұрар еді. Әлгі секілді ренішті пікірлер, қазіргі жастарға көңіл толмаушылық секілді пиғылдар бәз-баяғы «ата мен бала» дейтін шешімі қиын проблема салқыны. Ұлы Абай:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,  
Қорқамын кейінгі жас балалардан, –

деп қамығады. Осындағы Абай қорқатын «кейінгі жас балалары» – біздің аталарымыз, әкелеріміз ғой. Ал біздің ата, әкелеріміздің не тындырғанын санап тауыса алмайсың. Санаудың да қажеті жоқ. Өйткені ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы азаматтардың ұлы-ұлы істер атқарғаны, неміс басқыншыларына төтеп бергені, әлемді фашизм алапатынан аман сақтап қалғаны баршаға аян. Олай болса, бүгінгі жастар да – жаны сау, тәні сау азаматтар. Ал олар бізге ұқсамайтын болса, оған өкінудің қажеті жоқ. Қайта несімен ерекше, несімен бізден артық, соған зер салуымыз керек.

Бір сөзбен айтқанда, ертеңгі күннің тірегі бүгінгі жасөспірімдер екеніне мен кәміл сенемін.

1982 ж.

## ХАЛЫҚТЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ҚАЛАЙ ТУАДЫ?

Енді бір жарты айдан кейін өтейін деп жатқан съезіміздің күн тәртібінде бірнеше мәселе тұр. Ал сайып келгенде шешер проблемамыз біреу-ақ. Ол – социалистік бай шындықтың әдебиетімізде қалай сәулеленіп келе жатқанын анықтау. Егерде осы мәселе өзінің әділ де тура шешімін тапса, бүгінгі әдебиетіміздің жәйі де белгілі болады. Жетістігіміз аталады. Кемшілігіміздің беті ашылады. Алдағы міндеттеріміз де айқындалады. Съезд алдында бір мәселе жайлы – атап айтқанда қазіргі прозамыз туралы өз түйгендерімді ортаға салуды жөн көремін.

Қазақстан жазушыларының 1939 жылы өткен екінші съезі мен алдағы үшінші съезінің арасында ұлы-ұлы табыстарға толы он бес жыл жатыр. Бұл жылдардың әлеуметтік, экономикалық және рухани өмірімізде таңғажайып із қалдырғаны көпке аян. Сондай жетістік көркем әдебиетімізде де баршылық.

1939 жылы өткен екінші съезге қазақ жазушылары көбінесе шағын формалы жанрмен – қысқа әңгімелер, шағын-шағын повестермен ғана келген еді. Көлемді шығармалардан Сәбит Мұқановтың жалғыз «Жұмбақ жалауы» ғана болатын. Сол себепті ол съездің жазушыларға жүктеген міндеті – шағын формалы жанрмен үлкен әдебиет жасауға болмайды, үлкен әдебиет тек үлкен прозамен ғана жасалады. Социалистік реализм әдісіне бет бұру керек, роман жанрын туғызу керек деген мәселелерге сайған болатын. Біз бүгін сол екінші съезд қойған талаптарды орындап шықтық деп айта аламыз. Біз социалистік реализм әдісіне бет бұрып ғана қойғанымыз жоқ, оны шын мағынасында меңгере де бастадық. Социалистік реализм әдісі қазіргі қазақ совет прозасында өзінің тұрақты тұғырын тапты. Шын реалистік тұрғыда үлкен-үлкен романдар туды. Әр кезде әр қилы тақырыпқа жазылған «Абай», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Шығанақ» романдары халқымыздың мақтанышына, рухани өміріміздің азығына айналды. Екінші съезге жас келген қазақ совет әдебиеті қазір көп ұлтты еліміздің мәдени өмірінің сапынан өзіне лайықты орынын алды.

Прозамыз жанрлық жағынан да кеңейді. Беллетристиканың мемуар, публицистика салалары туды. Жарық жұлдыздай бір жарқ етіп сөнген Баубек Бұлқышевтың Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған публицистикалық мақалаларын прозадағы осы саланың жарқын бір бастауы деп қарауымыз керек. Ұлы істердің қырағы барлаушысы ретінде көркем очерк те туып, қалыптасты. Прозамыздың тақырыбы да сан-салалы бола бастады. Қазір социалистік өміріміздің әдебиет шеңберінен тыс қалып жатқан бірде-бір қыры жоқ дей аламыз. Оны осы жылдарда жазылған көлемді шығармаларды атап өтудің өзінен-ақ көруге болады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдары мен Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлкесі» XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірін қамтиды. Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы соғыс алдындағы және Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегін суреттейді. Ғабиден Мұстафин бұл жылдарда колхоз тақырыбына екі роман берді. Ұлы Отан соғысы және тыл өмірі туралы «Қазақ солдаты», «Курляндия», «Жас түлектер» романдары туды. Менің студенттер өмірінен алып жазған «Болашаққа жол» романым да осы кездің жемісі. Ғабдол Сланов әр тақырыпқа төрт роман берді. Сол секілді Әбу Сәрсенбаевтың революция қарсаңындағы қазақ балықшыларының өмірін қамтитын «Толқында туғандар» романын, мектеп өмірінен алып жазылған Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлары» мен Бердібек Соқпақбаевтың «Он алты жасар чемпионын», «Алыстағы ауылдасын» атауға болады. Әдебиетімізде тың тақырыбы да тыс қалып жатқан жоқ. Әрине, бұл тақырыпқа көлемді шығармалар кешеулеп тууы мүмкін, оған уақыт керек. Ал республикалық баспасөз бетінде қазірдің өзінде басылып жатқан көркем очерктердің ішінде көңіл аударарлықтары бар екенін айтқанымыз жөн. Бұл жөнінде жас жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Әдебиет және искусство» журналының сегізінші санында жарияланған «Тыңға сапар» деген көлемді очеркін атаймыз. Бердібек тың өмірінің тың жайларын жеңіл де ойнақы тілмен жеткізіп бере алған.

Прозамыздың тақырыбы кеңеюі, сөз жоқ, оның белсенділігін арттырды. Горький сөзімен айтқанда орыстың XIX ғасырдағы әдебиетінің өмірге өктем араласып, оған белгілі әсерін тигізуі үшін жүз жыл керек болса, бізде бұл мәселе он бес жылдың ішінде шешіліп отыр. Әдебиетіміздің осы белсенділігі қазіргі жағдайымызды қазақ жазушыларының екінші съезі қарсаңындағы жағдаймен салыстырсақ, тіпті айқын көрінеді. Ол жылдарда өндіріс тақырыбына екі-ақ шығарма, атап айтқанда жас жазушы Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарымы» мен Ғабиден Мұстафиннің «Өлім не өмір» атты повестері ғана болатын. Ал Әлжаппар Әбішевтің «Армансыздарында» көбіне-көп он алтыншы жылдың оқиғалары суреттеліп, соңы бүгінгі күн тамашамен ғана бітетін. «Жұмбақ жалау», «Теміртас» романдары арғы өмірге арналған туындылар еді. Ал қазір бүгінгі күнді жазуға түгел бет бұрдық. Керек десең, көркем әдебиет қоғам алдында тұрған келелі мәселелерді кеңінен шешуге күштарлық танытып отыр.

Айталық, Ғабиденнің «Миллионерінде» басқа проблемалармен қатар, жеке меншік мәселесі көтерілген. Ал Мұқан Иманжанов болса, политехникалық оқу жұмысын партияның XIX съезінің қарсаңында оқушы жұртшылықтың алдына проблема етіп тартты. Бұл шығармалардың көркемдік сапасы жөнінде сөз басқа. Алайда тақы-

рыбы жағынан ілгергі күн мәселелерін көтергендерін атап өткеніміз жөн.

Очерк, әңгімелер жинақтарын, альманах, антологияларды есептемегенде, бұл мерзімде отыздан астам роман, повесть жарыққа шықты. Соның жартысына жуығы кезінде орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық оқушы қолына тиді. «Абай», «Ботагөз», «Қазақ солдаты», «Миллионер» романдары ондаған шет тілге де аударылды.

«Ботагөз» романын қазақ совет прозасындағы төл басылардың бірі деп санай аламыз. Бұл роман бүгінгі кемелденген прозамыздың қарыштап өсуіне, «Абай» сияқты көркем де көлемді туындының дүниеге келуіне жол ашты. Ал Әуезовтің «Абай» романдары қазақ совет прозасының қалыптасуын жеделдетті. Әдебиетке қояр талап дәрежесін шырқау биікке көтерді. Жазушылық өнерден дәмесі бар жас та, жасамыстар да «Абайдан» кем шығарма жазбауға тырысады. Әрине, бұл нұрлы талапты әркім әр дәрежеде жүзеге асырады ғой. Сонда да алдында үлгін тұрғанға не жетсін. Соңғы кезде бірталай жастар көлемді шығармаларымен әдебиетке бірден келіп қосылды. Ал бұл құбылыстың өзі «Ботагөз», «Абай» романдарымен тікелей байланысты екеніне ешкім де шүбәланбасқа керек.

Әрине, аз жылдың ішінде айтарлықтай табысқа жетуіміздің басты себебі – әдебиетке талапты жастардың келіп қосылуы, кадрларымыздың өсуі.

Екінші съезге бүгінгі ең жас жазушылардың дәрежесінде келген талант иелері қазір толысып, кемелденген, шеберліктің сырларын меңгерген әйгілі жазушыларға айналды. Олардың көпшілігі қазір бүкілодақтық, қала берді дүниежүзілік аренаға шықты.

Орыстың және батыстың классикалық әдебиеті мен орыс совет әдебиетінен үйренуіміз де оқушылық еліктеуден шығып, шын творчестволық сипатқа ие болды.

Менің ойымша, социалистік реализм әдісі жаңа әдіс болғандықтан, оның шешілмеген проблемалары да көп. Социалистік эстетикамыз әлі қалыптасу үстінде. Бірақ социалистік эстетиканың, социалистік реализмнің негізгі принципі осы ғасырдың басында-ақ анықталған болатын. Оны анықтаған ұлы Ленин. Оны сол кездің өзінде-ақ жүзеге асыра бастаған ұлы Горький.

Совет әдебиетінде үлкен өмірдің жарқын бояулы келбеті көрінуге тиісті. Совет әдебиеті жаңа заманды өз қолымен жасап жатқан озық адамдардың күрделі де жан-жақты образдарын, бір сөзбен айтқанда, сол заманның өз образын жасауға тиісті. Бұл күнде әдебиетіміздің салмағы мен тереңдігін танытар күш социалистік эстетиканың осы бір принципінде жатыр.

Құнды шығарма дегенде, біз, ең алдымен, сол шығармада жаңа сана-



дағы адамдардың ой-арманы, мінез-кұлқы мен іс-әрекеті қай дәрежеде суреттелді, міне, соған үңілеміз. Сол шығармадағы басты кейіпкер өз дәуірінің өкілі есебінде көріне алды ма, жоқ па, осыған назар аударамыз.

Социалистік эстетиканың осындай биік тұрғысынан қараған күннің өзінде де біздің әдебиеттің проза саласында сондай шынайы, күрделі образдардың барлығын атап айта аламыз.

Мысалға Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Асқарды алыңыз. Мұхтар Әуезовтің Абайы мен, эпизодта ғана көрінсе де, Тоғжаны, Ғабиден Мұстафиннің Шығанағы мен Мейрамы, жас жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісовтің Есейі, жә болмаса, Әбішевтің Сәулесі – міне, осылардың бәрі де жұртшылыққа үлгі боларлық, іске, адалдық пен адамшылыққа құлшындар өнегелі образдар. Олар әлдеқашан кітап бетінен шығып, завод, фабрикалардағы, колхоз далаларындағы, жоғары оқу орындарындағы совет адамдарының аға-інісі, апа-қарындастары болып кеткен.

Бұл образдардың халық құрметіне бөлену себебі неде? Менің ойымша, оның басты себебі – бұл образдардың өз дәуірінің толыққанды өкілі болып шығуында.

Мысалға Асқарды алайық. Ол өзінің әлеуметтік, саяси қызметін ауылдық мектептің қатардағы мұғалімдігінен бастайды да, қазақ санасының өзіндей баяу өзгеріп, ұзақ жолды, талай ауытқуларды басынан кешіреді. Сөйтіп, романның аяғында шын революционер дәрежесіне көтеріледі. Ал дамудың бұл процесінде терең мән бар. Асылында, Асқар ХІХ ғасырдағы ұлы ағартушы ақын, ғалымдар – Абай мен Шоқан, Ыбырай идеяларын Октябрь революциясымен жалғастыратын образ. Асқар бейнесі арқылы автор өз романында үлкен идеяны ашады. Ол мынау: революциядан бұрынғы қазақ халқы үшін осы Асқар жүріп келген жолдан басқа жол жоқ. Басқа жолдың бәрі де қазақ халқын бақытсыздыққа, теңсіздікке апарды. Бұл идея романда бірінші империалистік соғыс қарсаңындағы, соғыс кезіндегі, Октябрь революциясы, азамат соғысы жылдарындағы қазақ өмірін кең де шынайы суреттеу арқылы айқын ашылады. Ал тереңірек ойлап қарайтын болсақ, осы идеяның басы дүниеге кейінірек келсе де, әртінірек жылдарды қамтитын «Абай» романында жатқанға ұқсайды. Көп томды романның қолда бар үш томы, әрине, революция заманынан алыс жатыр. Ол тіпті Асқар аттанған межеге де жақындай алмауы мүмкін. Алайда автордың кең қамтулы ой толғанысы жоғарыда біз мезгеген бағытта.

Абай 1904 жылы дүние салды. Ал сол кездегі Абай кім еді? Заман қандай еді? Абай мистик емес-ті. Сонымен қатар ол революционер де бола алған жоқ. Абайдың соңғы жылдары 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңындағы дүрмек жылдары бо-

латын. Абай болса, жақындап келе жатқан осы ұлы күштің, ұлы өзгерістің мәнін де, келешегін де түсіне алған жоқ. Абай бір жағынан заманы қажытқан, торығу салқыны соққан, күйзеліске ұшыраған жан болса, екінші жағынан ақындық өнердің бар сиқырын меңгерген ұлы ақын, өз заманының ұлы ойшылы, гуманисі. Өлер алдындағы Абайда осындай қосқыртыс қайшылық бар. Әрине, бұл жазылып жатқан кітапқа нұсқаған ой ұшықтары. Қалай десең де, Абай басында өнеге көп. Ол ең алдымен жаман заманның жақсы өкілі. Сол себепті «Абай» романы өз заманының бар ірік-шірігін әшкерелеп ғана қоймайды, сол заманның жақсылық нормасын да Абай арқылы алдына тартады. Бір кезде Белинский Онегиннің өзін қоршаған ортаны теріске шығаруын оның ұнатарлық сипаты деп таныған болатын. Біздің ұғымымызша, Абай образында да осындай ұнамды сипат бар. Абайды бізге жақындатар да осы сипаты. Әдебиетімізде бұлардан басқа да, атап айтқанда, ғалымдар мен студенттердің, колхозшылар мен жұмысшылардың, еңбекші әйелдер мен жауынгерлердің жағымды образдары бар. Мен солардың ішінен Асқар мен Абай образына «егер герой өз дәуірінің толық көрінісі бола алса ғана құнды да көркем шығады» деген пікірді дәлелдеу үшін ғана толығырақ тоқталдым.

Әрине, өз дәуірінің шын мағынасында өкілі бола алатын образ жасаудың қилы-қилы жолы бар. Тіпті бір тақырыптың өзіне де әр жазушы әр түрлі жағынан келуі ықтимал. Сөйтсе де қай жазушыға болмасын өмірді өзінің бар шындығымен көрсету үшін бір мәселені бір тұрғыдан шешіп алуы керек. Ол – конфликтті мәселесі. Тартыссыздық теориясының әдебиет шаруашылығына тигізген зиянының аз болмағанын жиі айтамыз. Алайда тартыссыздықтың да көрінісі әр қилы екенін көбіміз осы күнге дейін аңғара алмай жүрміз. Мәселен, ұнамды кейіпкердің бейнесін жасау үшін не қажет? Ең бірінші қажеттілік – ұнамсыз геройдың да, ұнамды геройдың өзі секілді, ірі, ақылды, оның үстіне жырынды болып көрінуінде. Екі жақтың іс-әрекетін шынайы дамытып, шын тартыстарды нанымды суреттеу үстінде ғана ұнамды кейіпкер образын жасай аламыз. Ал біз болсақ осы қағиданы осы күнге дейін ескермей келе жатырмыз. Біз ұнамсыз кейіпкерді көбіне жанды қуыршақ есебінде ғана алып келдік. Қарғашаны жығу екінің бірінің қолынан келеді. Онда тұрған не ерлік бар? Нақтылап айтсақ, тартыссыздық теориясының бір көрінісі, міне, осында жатыр. Көркем шығарма көп қабатты үлкен үй іспеттес. Ал сол үйдің қабырғасы дұрыс қаланғанымен, төбесі дұрыс жабылмаса, қайтер еді? Сол секілді көркем шығармадағы бір жетіспейтіндіктің екінші бір кемшіліктің басы болып кететінін әманда ескеріп отырғанымыз жөн.

Ғабиден Мұстафин өзінің жазушылық сәтті сапарының басын шу дегеннен бүгінгі дәуірден бастаған жазушы. Алайда «Миллионер»